Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Актюбинской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 1513-23-00-2/2635-1

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 8А

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 23.10.2023 ж. талап қоюшы

Государственное коммунальное предприятие «Актюбинский медицинский центр» (Aktobe medical center) на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области»

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Болатова Қырмызы Жантасқызы

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жауапкер жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатовадан «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 223 064,33 (екі жүз жиырма үш мың алпыс төрт теңге отыз үш тиын) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және сот шығындарына байланысты 6 691,93 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 28.11.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот

шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: Государственное коммунальное предприятие «Актюбинский медицинский центр» (Aktobe medical center) на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области»

БСН: 170540012778

Тіркеу мерзімі:15.05.2017

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , KZ3194803KZT22031005

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, АҚТӨБЕ, -, Жанаконыс 8, кв.е

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, АҚТӨБЕ, -, Жанаконыс 8, кв.е

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Болатова Қырмызы Жантасқызы

Туған жылы: 21.12.1997

ЖСН: 971221400408

Туған жері: КАЗАХСТАН, ЖАМБЫЛСКАЯ, САРЫСУСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 044256343

Банк:"Kaspi Bank" АҚ

Берілген күні 04.04.2019 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, САРЫСУ АУДАНЫ, Жанатас,

МИКРОРАЙОН 6 12, кв.27

Нақты мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, САРЫСУ АУДАНЫ, Жанатас, МИКРОРАЙОН 6 12, кв.27

Аудандық және оған теңестірілген соттың төрағасы — Жусупов Алгабек Мырзамуратович

Аудандық және оларға теңестірілген сот Әкімшісінің сот отырысының бас маманы – хатшысы — Калиева Бахытгуль Измухановна

Шығарылу күні 28.11.2023 жыл

кужат "Электрондық кужат және электрондық цифрлық колтанба туралы" Казакстан Республикасынын 2003 жылғы 7 кантарлағы № 370-II Заны 7 бабынын 1

на _____листах,

на _____2_____страницах

Председатель СМЭ суда Актюбинской области

Жусупов А.М.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 23 қазан Іс №1513-23-00-2/2635 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері Д.Т.Бөлек, А.Қ.Амангелдина

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Қырмызы Жантасқызы Болатова (өнім беруші) арасында 2023 жылғы 14 тамыз күні «бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып алу туралы № 159-64 келісімшарты жасалған.

Келісім-шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 10 622 111 теңге тұратын аумақтарды жөндеу/абаттандыру бойынша жұмысты тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей орындауға міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен келісім шарты бойынша 31 тамызында енгізілген.

Талап қоюшының сұраныс тапсырысы жауапкерге портал арқылы 2023 жылдың 16 тамызында жолданылған.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемесі мүлдем орындалмаған.

Талап қоюшы тарапынан портал арқылы шарт бойынша 2023 жылдың 31 тамызында сотқа дейінгі ескерту хабарламасы жолданылған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және аталған жұмыстар бойынша жалпы сомасы 223 064,33 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Жауапкерге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт бойынша 2023 жылдың 16 тамызда шарттық міндеттемелерді орындау жөнінде хабарламасы жолданылған.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін, яғни аумақтарды жөндеу /абаттандыру бойынша жұмысты тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей орындауға міндеттелген, яғни 2023 жылдың 31 тамызын қоса алғанда орындау қажет болған.

Алайда, талап қоюшымен 2023 жылдың 31 тамызында сотқа дейінгі ескерту хабарламасы жолданылғандығына қарамастан, жауапкер шарттық міндеттемелерін мүлдем орындамаған.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық

айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша келісім-шарттағы жұмысына қатысты тұрақсыздық айыбы 10 622 111*0,1%*21=223 064,33 теңге есептелген.

Сот талап қоюшының есебі дұрыс және талап қою бұл бөлігінде де қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден талап қоюшы пайдасына жалпы сомма 223 064,33 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және сот шығындарына байланысты 6 691,93 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатовадан «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 223 064,33 (екі жүз жиырма үш мың алпыс төрт тенге отыз үш тиын) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және сот шығындарына байланысты 6 691,93 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер («Болатова») Қырмызы Жантасқызы Болатовадан жергілікті бюджетке 1 725 (бір мың жеті жүз алпыс) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне

шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева
Көшірмесі дұрыс
Төраға А.М.Жүсіпов

Анықтама

Сот шешімі 28.11.2023 жылы заңды күшіне енді.
Төраға А.М.Жүсіпов

на _____ листах,

на _____страницах

Председатель СМЭ суда Актюбинской области

_____ Жусупов А.М.